Кәсіптік практика білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. Білім алушыларды кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу колледж директорының бұйрығымен өту мерзімдері, базасы және практика жетекшісі көрсетіле отырып ресімделеді. Студентке бекітілген формаға сәйкес нысан бойынша жолдама беріледі. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны стандарттармен, үлгілік және жұмыс оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен айқындалады. Кәсіптік практика бағдарламасы практика базасы ретінде айқындалған кәсіпорындармен (мекемелермен, ұйымдармен) келісіледі және оқу орнының басшысы бекітеді. Кәсіптік практика бағдарламасы өз мазмұны бойынша мамандықтың бейінін, практика түрінің ерекшелігін, кәсіптік стандарттар мен білім беру бағдарламасының талаптарын, ұйым қызметінің, технологиялық процестің және практика объектісінің сипатын көрсетеді. Кәсіби тәжірибе бағдарламасы мезгіл-мезгіл жаңартылып отырады және ғылым мен техниканың заманауи жетістіктерін, практика негізінде қолданылатын инновациялық технологияларды көрсетеді. Кәсіптік практика бағдарламасын жаңарту және қайта бекіту тетігін оқу орны айқындайды. Колледждің сырттай оқу нысанының білім алушылары мамандығы бойынша жұмыс істеген жағдайда оқу және өндірістік (технологиялық) практикадан босатылады. Бұл жағдайда олар оқу орнына жұмыс орнынан анықтама және олардың кәсіби қызметін көрсететін мінездеме ұсынады. Сырттай оқу нысанының білім алушылары диплом алдындағы практика бағдарламасын орындайды. Колледждің білім алушылары кәсіптік практиканың әрбір түрінің қорытындысы бойынша есеп береді, оны практика басшысы тексереді. Колледжде практика есебін қорғау нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес сараланған бағалары бар сынақтармен бағаланады, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген (бұдан әрі – № 125 Бұйрық). Оқу

орнының білім алушылары кәсіптік практиканың әрбір түрінің қорытындысы бойынша тиісті бөлімге есеп береді, оны басшы мен жектеші тексереді және құрылған комиссия алдында қорғайды. Есепті қорғау нәтижелері № 125 бұйрыққа сәйкес балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағаланады.

Ұйымды база ретінде айқындау тәртібі

Білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізу үшін база ретінде жарғылық қызметі мамандарды даярлау бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін, кәсіптік практикаға. Кәсіптік практиканың базасы ретінде айқындалған ұйыммен 5-баптың 24) тармақшасына сәйкес білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізуге арналған шарттың үлгілік нысаны негізінде жасалған, кәсіптік практиканың түрін көрсете отырып, кәсіптік практиканы өткізу туралы шарт жасалады.

Колледждің білім алушыларының кәсіптік практика базаларымен шарт практика басталғанға дейін бір айдан кешіктірілмей жасалады.

Шартта кәсіптік практика базасы болып табылатын оқу орнының, кәсіпорынның (мекеменің, ұйымның) және білім алушылардың міндеттері мен жауапкершілігі айқындалады. Кәсіптік практиканы өткізу үшін Колледж практика базасымен келісілген бағдарламаны, күнтізбелік кестелерді, кәсіптік практикадан өтудің оқу-тәрбие процесінің кестесін бекітеді. Кәсіптік практикадан өтуге жіберілген кезде білім алушыға осы бекітілген нысандар бойынша кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесі, кәсіптік практикадан өту туралы күнделік-есеп беріледі. Кәсіптік практиканың әрбір түрі бойынша білім алушыларға оқу орнының және кәсіпорынның (мекеменің, ұйымның) – практика базасының басшылары тағайындалады. Қажет болған жағдайда консультанттар тағайындалады. Басшылардың функцияларын, міндеттері мен жауапкершілігін оқу орны және келісім бойынша практика базасы – кәсіпорын (мекеме, ұйым) дербес айқындайды. Кәсіптік практикаға арналған шығындарды практика базасы болып табылатын оқу орны мен кәсіпорын (мекеме, ұйым) жоспарлайды және кәсіптік практиканы өткізуге арналған шартпен айқындалады. Өндірістік қажеттілік кезінде білім алушы-практиканттар белгілі бір лауазымдарға уақытша жұмысқа олардың еңбегіне ақы төлене отырып та қабылдана алады. Кәсіптік практиканың базасы болып табылатын ұйым білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі үшін оның бағдарламасына сәйкес орындар береді және білім алушыларға жұмыс орнында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді.

Оқу практикасының негізгі міндеттері:

- 1) мамандықпен және оның білім беру бағдарламаларымен танысу;
- 2) болашақ кәсіптің объектілері болып табылатын ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен жалпы танысу;
- 3) болашақ кәсіби қызметтің түрлерін, функциялары мен міндеттерін зерделеу;
- 4) іскерлік хат-хабарды зерделеу және іс қағаздарын жүргізу;
- 5) еңбек ұжымында жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.

Оқу практикасы барлық мамандықтардағы білім алушылар үшін өткізіледі. Нақты пән саласының ерекшелігіне және болашақ маманның кәсіби құзыреттілігіне байланысты оқу практикасының танысу, далалық, экскурсиялық, маршруттық, мектеп, есептеу, пленэр және басқа да нысандары пайдаланылады. Оқу практикасы Колледжде болашақ кәсіптік қызмет объектілері болып табылатын ұйымдарға таныстыру экскурсияларымен өткізіледі. Оқу практикасы осы мамандық бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын арнайы ПЦК, бөлімшеге, директордың өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасарына бекітіледі. Оқу практикасының бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына және мамандықтың бейініне сәйкес әзірленеді. Оқу практикасы мамандыққа байланысты өндірістік оқыту (техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша) және оқу процесін жалғастыру (кәсіпорындардағы танысу практикасы, геодезиялық, ветеринарлық және басқалар) түрінде жүзеге асырылады. Оқу практикасы оқу пәндерін (геодезиялық, педагогикалық, ветеринарлық және басқа) зерделеудің жалғасы болып табылатын жағдайда, оны өндірістік оқыту шебері немесе тиісті пәнді жүргізетін оқытушылар жүргізеді.

Оқу пәндерінің жалғасы болып табылатын оқу практикалық сабақтарының тізбесін пәндік-циклдық комиссиялар айқындайды және оқу орнының басшысы бекітеді. Оқу практикалық сабақтарының әдістемелік және материалдық дайындығын өндірістік оқыту шебері немесе тиісті пәнді жүргізетін арнайы пәндер оқытушылары жүзеге асырады. Мамандыққа байланысты оқу практикасы оқу және оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқу-тәжірибелік учаскелерде және оқу орнының басқа да оқу-көмекші объектілерінде жүргізіледі, сондай-ақ кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде (дуальды оқыту кезінде) өткізіледі.

Оқу практикасын өткізу кезінде оқу тобын "тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес кіші топтарға бөлу ұсынылады. Оқу практикасында, оқу орнының оқу-көмекші объектілерінде білім алушылардың жұмыс күнінің ұзақтығы жұмыс туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде), жасына және өндіріс жағдайларына байланысты қызметкерлердің тиісті санаттары үшін 6 сағатты құрайды. Оқу практикасын аяқтағаннан кейін білім алушыларға практика кезеңіндегі оның жұмысын ағымдағы бақылау негізінде баға қойылады.

Технологиялық практиканың негізгі міндеттері (мамандық бейіні бойынша) :

- 1) ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде) білім алушыларды болашақ кәсіби қызметімен тікелей таныстыру;
- 2) білім алушылардың мамандық бойынша бастапқы біліктер мен дағдыларды игеруі;
- 3) ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде) нақты кәсіптік қызметті орындау және зерделеу негізінде арнайы пәндерді зерделеу кезінде алынған білімді бекіту, тереңдету және жүйелеу;

4) кәсіби ойлауды дамыту, өндірісте кәсіби қызметтің практикалық дағдысын және іскерлігін дағдыландыру.

Технологиялық практика (мамандық бейіні бойынша) ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде), сондай-ақ оқу орындарының оқу-өндірістік және оқу шаруашылықтарында жүргізіледі. Технологиялық практика аяқталғаннан кейін мамандықтардың бағыты мен күрделілігіне байланысты тиісті кәсіптік біліктілікті растау және алу үшін емтихан жұмыстарын орындау түрінде аралық аттестаттау жүргізу көзделеді. Мамандықтардың бағыттары бойынша емтихан жұмыстарын орындау үшін құрамына ұйымның (кәсіпорынның, мекеменің) және оқу орындарының өкілдері кіретін біліктілік комиссиялары ұйымдастырылады. Аралық аттестаттау қорытындылары бойынша білім алушыларға нақты мамандық бойынша кәсіптік біліктіліктің қол жеткізілген деңгейі (разряды, сыныбы, санаты) беріледі. Технологиялық практиканың қорытындылары бойынша бекітілген нысан бойынша кәсіптік практика бағдарламасының орындалуы туралы жазбаша есепті және кәсіптік практикадан өту туралы күнделік-есепті тапсыру, сондай-ақ практикадан өту орнынан ұсынылатын біліктілік деңгейін көрсете отырып, өндірістік сипаттаманы ұсыну көзделеді. Технологиялық практиканы орындау нәтижелерін бағалау практиканың басшысы ұйымнан (кәсіпорыннан, мекемеден) жасаған өндірістік мінездемені ескере отырып, білім алушылармен әңгімелесу негізінде айқындалады.

Білім алушылардың технологиялық және өндірістік (диплом алдындағы) практика бағдарламаларын орындауын есепке алу.

Білім алушылардың технологиялық және өндірістік (диплом алдындағы) практика бағдарламаларын орындауын есепке алу бекітілген нысан бойынша кәсіптік практика бағдарламасын орындау туралы жазбаша есепте және білім алушылардың кәсіптік практикадан өткені туралы күнделік-есебінде тіркеледі. Өндірістік практика барлық мамандықтардағы білім алушылар үшін өткізіледі, 1-2 курстан бастап мамандар мен жұмысшы кадрларды даярлау бейініне байланысты білім алушыларды бітіргенге дейін ұйымдастырылады. Өндірістік практика оның мазмұнына байланысты арнайы кафедраға, бөлімге, теориялық оқытуды жүргізетін жауапты тұлғаға бекітіледі, оның нәтижелері өндірістік практиканың осы түрінің объектілері болып табылады. Өңірлік ерекшеліктерге сәйкес мамандықтар топтары бойынша білім алушылардың өндірістік практикасы, оның ішінде "техникалық ғылымдар және технологиялар", "ауыл шаруашылығы ғылымдары", "қызметтер" және "Ветеринария" дуальды оқыту жүйесінің қағидаттарын ескереді. Өндірістік практика бағдарламасы мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушыларда кәсіптік маңызды дағдыларды дамытуға және кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкес арнайы құзыреттерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Диплом алдындағы практиканың негізгі міндеттері

- 1) дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинау, өңдеу және қорыту;
- 2) дипломалды зерттеу тақырыбы бойынша статистикалық деректер мен практикалық материалдарды талдау;
- 3) дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбы бойынша қорытындыларды, заңдылықтарды, ұсынымдар мен ұсыныстарды тұжырымдау болып табылады;
- 4) белгіленген талаптарға сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) немесе есепті ресімдеу.

Диплом алдындағы практика барлық мамандықтардың білім алушылары үшін бітіру курсына өткізіледі, олар жеке жоспарға сәйкес дипломдық жұмыс (жоба) үшін тапсырмаларды және есепті орындайды. Дипломдық жұмысты (жобаны) немесе есепті дайындау және жазу үшін білім беру бағдарламасында диплом алдындағы практика көзделеді. Диплом алдындағы практикаға басшылықты, әдетте, дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі не мамандықтың (Біліктіліктің) ерекшелігін және практика базаларының қызметін жақсы білетін тәжірибелі оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері жүзеге асырады. Диплом алдындағы практиканың ұзақтығы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мамандықтың күрделілігіне және көзделген біліктілік деңгейіне байланысты айқындалады. Диплом алдындағы практиканың мазмұны дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбымен айқындалады. Диплом алдындағы практиканың қорытындылары дипломдық жұмысты (жобаны) немесе арнайы кафедра немесе бөлімше не директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары ұйымдастыратын есепті алдын ала қорғауда шығарылады.

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы- техникалық колледжінің 2020-2021 жыл бойынша студенттердің өндірістік-технологиялық, диплом алды практикаға орналасуы жөнінде мәлімет

Мекеме	өндірістік-технологиялық	диплом алды практика	Бағасы		
			3	4	5
1. «Асыл Агро»ЖШС					
2. «Вираз»ЖШС					
3. «Микрон»ЖШС					
4. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғат ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» РМҚК	647	301	5	443	199
5. «Первомайский» БК ЖШС					
6. «Алмалы құс»ЖШС					
7. КМК «Атырау қалалық ветеринария стансасы»					
8. Атырау облысы Ветеринария басқармасының «Құрманғазы аудандық ветеринариялық стансасы» КМК					

<p>9. «Атырау Жарық» АҚ</p> <p>10. АО НК «КТЖ –Атырау жол шаруашылығы ПЧ9»</p> <p>11. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік КЕ АҚ Атырау облысының филиалы</p> <p>12. «АтырауЗем Строй»ЖШС</p> <p>13. Атырау қаласы саулет жер қатынастар бөлімі</p> <p>14. «Атырау генплан» ЖШС</p> <p>15. «Казавтодор» ЖШС</p> <p>16. ТОО «Казтортехника»</p> <p>17. «Рембыттехника» ЖШС</p> <p>18. «2030» ЖШС</p> <p>19. «Атырау облысының Статистика департаменті» ММ</p> <p>20. ТОО «Alina Group» филиалы</p> <p>21. ТОО «Батыс Электромонтаж Спец Строй»</p> <p>22. «БатысАльянсСтрой»ЖШС</p> <p>23. «АтырауБетонСнаб» ЖШС</p> <p>24. ИП «Рамазан»</p> <p>25. ТОО «Құрылыс-Әділет»</p> <p>26. ТОО «ТуранМұнайКонсалтинг»</p> <p>27. ТОО «ПФК Континет Ко ЛТД»</p> <p>28. «Қазақстан су жолдары» РМҚКФ</p> <p>29. Атырау обл.дене шынықтыру және спорт маман.мемлекеттік мекемесі «Бейбарыс –Атырау» хоккейден облыстық спорт клубы» КМҚК</p> <p>30. ТОО «Амангельді»</p> <p>31. ТОО «Almat Strog Center»</p> <p>32. К/Х « Дастан»</p> <p>33. ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және шаруашылық комитеті</p> <p>34. ТОО «ЖігерМұнайсервис»</p> <p>35. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі Мемлекеттік Инспекция комитетінің Атырау облыстық аумақтық инспекциясы</p> <p>36. «Эмбагеодезия» ЖШС</p>					
--	--	--	--	--	--

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы- техникалық колледжінің 2021-2022 жыл бойынша студенттердің өндірістік-технологиялық,диплом алды практикаға орналасуы жөнінде мәлімет

Мекеме	өндірістік-технологиялық	диплом алды практика	Бағасы		
			3	4	5
1. «Асыл Агро»ЖШС			3	4	5
2. «Вираз»ЖШС					

<p>3. «Микрон»ЖШС</p> <p>4. Қазақстан Республикасы Экология,геология және табиғат ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» РМҚК</p> <p>5. «Первомайский» БК ЖШС</p> <p>6. «Алмалы құс»ЖШС</p> <p>7. КМК «Атырау қалалық ветеринария стансасы»</p> <p>8. Атырау облысы Ветеринария басқармасының «Құрманғазы аудандық ветеринариялық стансасы» КМҚ</p> <p>9. «Атырау Жарық» АҚ</p> <p>10. АО НК «КТЖ –Атырау жол шаруашылығы ПЧ9»</p> <p>11. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік КЕ АҚ Атырау облысының филиалы</p> <p>12. «АтырауЗем Строй»ЖШС</p> <p>13. Атырау қаласы саулет жер қатынастар бөлімі</p> <p>14. «Атырау генплан» ЖШС</p> <p>15. «Казавтодор» ЖШС</p> <p>16. ТОО «Казтортехника»</p> <p>17. «Рембыттехника» ЖШС</p> <p>18. «2030» ЖШС</p> <p>19. «Атырау облысының Статистика департаменті» ММ</p> <p>20. ТОО «Alina Group» филиалы</p> <p>21. ТОО «Батыс Электромонтаж Спец Строй»</p> <p>22. «БатысАльянсСтрой»ЖШС</p> <p>23. «АтырауБетонСнаб» ЖШС</p> <p>24. ИП «Рамазан»</p> <p>25. ТОО «Құрылыс-Әділет»</p> <p>26. ТОО «ТуранМұнайКонсалтинг»</p> <p>27. ТОО «ПФК Континет Ко ЛТД»</p> <p>28. «Қазақстан су жолдары» РМҚККФ</p> <p>29. ТОО «Амангельді»</p> <p>30. ТОО «Almat Strog Center»</p> <p>31. К/Х « Дастан»</p> <p>32. ОЮЛ «Ассоциация рыбный хозяйство ВД» «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны</p> <p>33. ИП «» Джумағалиев Утемис»</p>	<p>606</p>	<p>314</p>			
--	------------	------------	--	--	--


МАРК им. У.Кушекова

7. ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

«Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N583 бұйрығына сәйкес колледжегі инженер-педагогикалық қызметкерлер мамандықтар мен оқытылатын пәндер ерекшеліктеріне қарай 10 пәндік цикл комиссиясы және 4 шығармашылық топ біріктіріліп, жоспарлы жұмыстар атқарылып келді:

Р/с	Пәндік цикл атауы	ПЦК төрайымы
1.	Арнаулы техникалық пәндер цикл комиссиясы	Кариева М.А.
2.	Техникалық пәндер цикл комиссиясы	Сатимова Н.С.
3.	Жалпы техникалық пәндер цикл комиссиясы	Шамуратова А.Д.
4.	Арнаулы технологиялық пәндер цикл комиссиясы	Табылдиева М.И.
5.	Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер цикл комиссиясы	Нұрмұханова В.А.
6.	Құрылыс техникалық пәндер цикл комиссиясы	Есенғалиева Г.З.
7.	Қазақ-ағылшын, орыс тілдері пәндер цикл комиссиясы	Аралбекова А.А.
8.	Физика-математика, есептеу техникасы пәндері цикл комиссиясы	Хатенова М.М.
9.	АӘД және дене шынықтыру пәндер цикл комиссиясы	Тулегенов Р.Қ.
10.	Механикалық пәндер цикл комиссиясы	Шокпарова Ж.Т.
11.	Педагогикалық шеберлік мектебінің жетекшісі	Тұрақбаева Бұлбұл Сәркеновна
12.	Жас оқытушылар мектебі жетекшісі	Нугмарова Айғаным Куресовна
13.	Ғылыми шығармашылық топ жетекшісі	Халелова Қарлығаш Пушкиновна
14.	World skills чемпионаты жетекшілері	Суйесинова Айгүл Есенкуловна Жұмажан Айнагүл Жұмажанқызы

Оқу жылының басындағы мәлімет бойынша колледжде 117 оқытушы еңбек етеді, 116- білімі жоғары, 1- орта-техникалық білімі бар, оның ішінде жоғары санатты -27 (оның ішінде педагог-зерттеуші -4), бірінші санатты – 36(оның ішінде педагог-сарапшы - 2) екінші санатты – 23 (оның ішінде педагог-модератор – 7), санаты жоқ – 19, доктор, ғылым кандидаттары мен магистрлер – 20, біліктілік санаты бойынша сапалық құрам– 43%.



АЛІН ІМ. У. КУШКОВА

Мамандықтар бойынша арнайы пән оқытушыларының біліктілік санаттары

№	Пәндік цикл атауы	Оқытушы саны	Жоғары санат	1 санат	2 санат	Санаты жоқ	Сапалығы
1	Арнаулы техникалық пәндер цикл комиссиясы	10	4	4			100
2	Техникалық пәндер цикл комиссиясы	11	1	2	3	4	30
3	Жалпы техникалық пәндер цикл комиссиясы	10	1	4	2	2	55
4	Арнаулы технологиялық пәндер цикл комиссиясы	17	1	5	4	7	35
5	Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер цикл комиссиясы	13	7	3	2		87
6	Құрылыс техникалық пәндер цикл комиссиясы	8	3	4		1	87
7	Қазақ-ағылшын, орыс тілдері пәндер цикл комиссиясы	15	8	3	2	2	73

8	Физика-математика, есептеу техникасы пәндері цикл комиссиясы	15	4	4	3	3	57
9	АӘД және дене шынықтыру пәндер цикл комиссиясы	8	1	3	2	1	57
10	Механикалық пәндер цикл комиссиясы	10		3	2	4	33
		117	27	36	23	31	43

2020-2021 оқу жылының басында I курс бойынша жалпы білім беретін пәндер жаңартылған оқу бағдарламасына көшуіне байланысты, оқу жұмыс жоспары, күнтізбелік-тақырыптық жоспар «Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» №130 бұйрық бойынша (6.04.2020ж) жасалынып, колледждің әдістемелік кабинетінде жасақталған құжаттар Атырау Білім беру басқармасының әдістемелік орталығында қаралып, облыстың басқа колледждеріне үлгі ретінде ұсынылды.

2-4 курстардың оқу жұмыс бағдарламасы, перспективалық-тақырыптық жоспарлары ҚРБЖҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы №553 бұйрығына сәйкес жасақталды.

2020-2021 оқу жылының жоспары бойынша ПЦҚ отырыстары, әдістемелік кеңес өткізіліп, әдістемелік құжаттарды, емтихан және міндетті бақылау жұмыстарының материалдарын, курстық жұмыстар мен дипломдық жобалардың тақырыптары мен әдістемелік нұсқаулар, жалпы білім беру пәндері бойынша колледжішілік олимпиаданың жоспарын, материалдарын бекітуге арналған отырыстары өткізіліп, баяндамалар тыңдалды.

Оқу жылы барысында 8 пән апталығы ұйымдастырылып өткізілді

1. Қыркүйектің 21-25 аралығында Қазақстан халқы тілдері мерекесіне арналған қазақ-орыс, ағылшын тілдері пәндік цикл комиссиясының /Г.С.Уразалиева/ «Тіл – рухани күре тамыр» атты апталығы;
2. Наурыздың 9-13 аралығында жалпы техникалық ПЦҚ апталығы /А.Д.Шамуратова/;
3. Наурыздың 15-19 аралығында механикалық ПЦҚ апталығы /О.К.Кажушева/;
4. Наурыздың 29 мен сәуірдің 3-і аралығында арнаулы технологиялық цикл апталығы /М.И.Табылдиева/;
5. Сәуірдің 5-9 аралығында «Еліміздің нұрлы болашағы – білімді ұрпақ қолында» атты физика-математика және есептеу техникасы ПЦҚ апталығы /М.М.Хатенова/;
6. Сәуірдің 12-16 аралығында «Білімді маман – ел ертеңі» атты техникалық ПЦҚ апталығы /Ә.С.Қазмағанбетова/;
7. Сәуірдің 20-24 аралығында «Құрылысшы – мәртебелі мамандық иесі» атты Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған құрылыс-техникалық ПЦҚ апталығы/Г.З.Есенғалиева/;
8. Сәуірдің 26-30 аралығында арнаулы техникалық ПЦҚ «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ» атты апталығы /Г.С.Шырынбекова/.

Аталған апталықтар барысында ашық сабақтар, әртүрлі формада ұйымдастырылған сабақтан тыс шара, студенттер арасында олимпиада, көрме, кездесу, шеберлік сабағы өтті. Сонымен қатар, «Өзін-өзі тану – махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты өзін-өзі тану пәнінен дәстүрлі онкүндік өтті. Жұмыс барысында студенттер арасында әртүрлі мазмұндық тақырыптарға арналған челленджер, шығармашылық акция, кітап көрмесі, қайырымдылық акциясы, поэзиялық кеш, сынып сағаттары, тренингтер өткізілді. Қ.П.Халелова Ігк1 оқу тобына «Махаббат жолындағы өмір» тақырыбында ашық сабақ өтті.

ҚББТ пайдалану үшін бейне сабақтар, электрондық құралдар және қосымша мәліметтер каталогына Б.С.Тұрақбаева мен Қ.П.Халелова «Түркісіб темір жолы. Тұлпар-Тальго. Сөз дәлдігі», «Қара көмір мыс кендері. Алматы метросы. Сөз дәлдігі» тақырыптарында бейне баян түсіріп жіберді.

Қарашаның 16-ы күні «Жас техник» облыстық онлайн байқауына Ztoral оқу тобының студенті Р.Хабиев /жетекшісі Ж.Т.Рысқалиев қатысып, жүлделі ІІ орынмен марапатталды.

Қарашаның 26-ы күні «Үздік өндірістік оқыту шебері -2020» облыстық байқауына өндірістік оқыту шебері Н.А.Лұқпанов қатысып, алғыс хатпен марапатталды.

Желтоқсанның 11-і күні «Жас маман-2020» ТЖКББ облыстық байқауына арнайы пән оқытушысы Т.Мыңбаев қатысып, жүлделі І орынмен марапатталды.

Желтоқсанның 25-і күні «Үздік колледж әдіскері -2020» облыстық байқауға директордың оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары А.С.Искалиева қатысып, жүлделі ІІ орынмен марапатталды.

Қаңтардың 14-і мен ақпанның 5-і аралығында «Талап» ҚЕАҚ және Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы Қапыланбек жоғары аграрлы-техникалық колледжі ұйымдастырған «Үздік ветеринарлық бейне сабақ» республикалық байқауына арнайы пән оқытушысы А.Ізбайқызы қатысып, сертификат иеленді.

Арнайы пән оқытушысы Н.С.Баймукашева ҚРБЖҒМ ұлттық тестілеу орталығы РМҚК-нің хаты бойынша Нұр-сұлтан қаласына барып, жұмысшы тобы құрамында тест сұрақтарын жасақтауға қатысты.

Ақпанның 2-сі күні Маңғыстау облыстық ТЖКББ оқу-әдістемелік кабинеті және Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі ұйымдастырған «Білім берудегі инновациялар: ізденіс және шешім» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға Н.С.Баймукашева, Б.С.Тұрақбаева қатысып, диплом және сертификатпен марапатталды.

Ақпанның 22-24 күндері жалпы білім беретін пәндер бойынша колледжішілік пәндік олимпиада өткізілді.

«Жас маман» жобасы аясында колледжішілік «Worldskills-2021» чемпионаты өтті.

Наурыздың 3-і күні «Білім беруді трансформациялаудың өзекті бағыттары» тақырыбында колледжішілік педагогикалық оқулар байқауы өткізілді. 8 оқытушы қатысты: Сқақова А.Д., Дахиева В.Н., Қанат А. – І орын; Аралбекова А.А., Бекбосынова А.О. – ІІ орын; Елемесова А., Қазмағанбетова Ә. – ІІІ орын, Саримова Ш. Алғыс хатпен марапатталды.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай Наурыз мерекесіне арналған онкүндік шара өткізілді. Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға

ұқыпты қарауды қалыптастыру і мақсатында әр циклға мамандығына сәйкес тапсырмалар беріліп, жоғары деңгейде өткізілді. Атап айтқанда:

1. **"Көрісу күні", "Жайлау күні"** - Шырынбекова Г.С.,Шамуратова А.Д., Табылдиева М.И.

2. **"Шежіре күні"**Ж.Жабаевтың 175 жылдығына арналған әдеби кеш - Уразалиева Г.С.

3. **"Тарихқа тағзым күні"**Ы.Алтынсарин 180 жылдығына арналған челлендж-Дагарова Ұ.М.

4. **"Жоралғы күні"**Ы.Алтынсарин төсбелгісі иегері колледж ардагері М.Ж.Исмагуловамен бенефис - Ерболаева Ж.Ә.

5. **"Игі істер күні"** Ардагерлерді көрісу, құттықтау - Хатенова М.М.

6. **"Зияткерлік күні"**Оқытушылар арасында интеллектуальдық олимпиада - Кажушева О.К.

7. **Шымырлық пен шеберлік күні"** Ұлттық ойындар арасында сайыс - Тулегенов Р.К

8. **"Ұлттық тағамдар күні"** челлендж - Қазмағанбетова А.С.

9. **"Ұлыстың ұлы күні"** кеш - Есенғалиева Г.З.

Сәуірдің 30- жұлдызында ҚРБЖҒМ Білім беруді жаңғырту орталығының ұйымдастыруымен өткізген " Білім жолында" І Республикалық педагогтер мен колледж студенттеріне арналған ONLINE -Форумы өтті. Форумға О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы- техникалық колледжінің жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәні, " Өзін- өзі тану пәні" мұғалімі А.К Нугмарова қатысты. Оған өз жұмысын қорғап белсене қатысқаны үшін сертификат берілді.

Сәуірдің 22-сі күні колледжішілік «Үздік педагог»байқауы өткізілді. Жұлделі І орын алған Н.С.Баймукашеваның құжаттарын облыстық деңгейге дайындық жұмыстары жүргізілді.

2021жылдың 5- мамырында Ікурс студенттері Атырау облысы тарихи-өлкетану музейіне Ұлы Дала Жаухары " атты ағылшын тілінде онлайн-саяхат жасады. Онлайн саяхатты әрі музейдің экскурсоводы,әрі колледждің студенті Адилхан Еңлік жүргізді.Ағылшынша өзара сұрақтар қойып, жауап алысты. Осы шараны ұйымдастырушылар колледждің ағылшын тілі оқытушылары Уразалиева Г. С, Әзімова С. Ә, Айтқалиева Г. Б.

Атырау облысы Білім беру басқармасының әдістемелік орталығы және Каспийөңірінің қазіргі заманғы жоғары колледжінің ұйымдастыруымен өткізген

" Еңбек нарығының қазіргі заманғы тенденцияларын ескере отырып , ТЖЖБ - дағы инновациялық білім беру қызметінің өзекті бағыттары " тақырыбындағы халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференцияға өзінің іс - тәжірибесімен бөліскен колледж оқытушылары А.Нугмарова мен Ж.Ерболаеваларға сертификат берілді.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың " Тәуелсіздік бәрінен қымбат " атты бағдарламалық мақаласын педагогтермен білім алушылардың арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен "ҚР Білім беру ісінің қайраткері " атты республикалық байқауға О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы- техникалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы А.К. Нугмарова қатысып, жұлделі 1- орын және" Қазақстанның білім беру ісінің қайраткері " атты төсбелгімен марапатталды және осы бағдарлама

аясында өткен "Биология пәнінің үздік педагогі-2021" атты республикалық байқауға О. Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінің биология пәні оқытушысы Мәдір Гулмира Сағындыққызы қатысып, жүлделі І дәрежелі дипломмен және білім саласына қосқан айрықша еңбегі үшін "Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл" атты төсбелгімен марапатталды.

С.Мұқашев атындағы политехникалық колледжінің ұйымдастыруымен «Еңбек нарығының сұранысына сәйкес білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіру жолдары» атты тақырыпта халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді. Конференцияға жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.К Нугмарова өзінің жұмысымен қатысып, сертификат иеленді.

Атырау облысы білім беру басқармасы мен әдістемелік орталығы және Атырау энергетика және құрылыс колледжінде "Заманауи педагогикалық үрдіс: мазмұны, әдістері, тәсілдері, формалары» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға А.Д.Сқақова, А.Қ.Қанат қатысып, алғыс хат пен сертификат иеленді.

«Білім беруді трансформациялаудың өзекті бағыттары» тақырыбындағы ББҚ педагогикалық оқуларының облыстық кезеңінде құқық негіздері пәні оқытушысы А.Д.Сқақова жүлделі І орынды иеленді.

2021 жылдың 19 мамыр күні О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы – техникалық колледжінде «Жас маман» жобасын жүзеге асыру мақсатында Атырау облысы Білім беру басқармасы мен Әдістемелік кабинетінің кәсіптік және техникалық білім беру бөлімінің қолдауымен Құзыреттілік орталығының ашылу салтанаты өтті. Бұл орталық WorldSkills қозғалысы бойынша салалық құзыреттілік орталықтарына айналады. Нарықтың өзгерісін алдын – ала болжап отыратын маркетинг- орталық деп те қарауға болады.

2021 жылдың 31 мамыр күні Атырау облысы білім беру басқармасы мен әдістемелік орталығымен бірігіп, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Қазақстандағы әлеуметтік – экономикалық жағдай: мәселелер мен болашағы» тақырыбындағы оқытушылар мен студенттердің республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Конференция онлайн форматта өтті. Конференция жұмысына Нұр-Сұлтан, Көкшетау қаласы, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Жамбыл, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Атырау облыстарының ЖОО-ның профессорлық құрамы, колледж директорларының орынбасарлары, әдіскерлер, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Конференцияға сырттай және тікелей қатысу үшін жүзге тарта баяндама келіп түсті. Баяндамалар сараптамадан өткізіліп, 13 баяндама пленарлық отырыста қорғалды. Секциялық отырыс стендовый (слайд-презентация) түрде ілінді.

Конференцияға қатысушылар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын, тәуелсіздіктің экономикалық негіздерінің қалыптасуын, әлеуетті мүмкіндіктер негізінде елдің экономикасындағы өзекті мәселелері мен болашағы бойынша сұрақтарды зерттеу, болашақ мамандардың жалпы және коммуникативтік мәдениетінің деңгейін арттыру, жастардың шығармашылық, ғылыми-зерттеу және жобалық қызметін ынталандыру қажеттігін атап өтті.

Өзгермелі жаһандық әлем жағдайында үздіксіз білім берудің өзекті мәселелерін баяндайтын мазмұнды баяндамалары үшін конференция қатысушыларына

алғыстарын білдіріп, Алғыс хат пен сертификат берілді. ISBN 978-601-08-1209-3 нөмірімен жинағы шықты.

«Talar» КЕАҚ Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының рейтингі ұйымдастырылды.

Біліктілік арттыру курстары мен тағылымдамадан өту


Жалпы білім беретін пән оқытушыларына Атырау облыстық педагогикалық шеберлік орталығы тренері М.М.Телеубаев «Сабақты тиімді жоспарлау» тақырыбында семинар өткізді. Семинар барысында оқытушылар жаңартылған білім мазмұнының қағидаларымен, 7 модульге негізделген жүйемен оқу дағдысы, бірлескен оқу ортасына негізделген оқуды ұйымдастырудың жай-жапсарымен танысты.

«ZOOM арқылы онлайн сабақты ұйымдастыру», «Онлайн сабақ ұйымдастыруда қолданылатын платформалар», «Prezi.com», «Adobe premiere», «Видеомонтаж Манарбекпен бірге» тақырыптарында «Физика, математика және есептеу техникасы» цикл апталығы барысында М.М.Хатенова, А.Жұмажан, М.Б.Тасимов оқытушыларға семинар, шеберлік сағаттарын өткізді.

«Кәсіпқор» холдингінің ұйымдастыруымен «ТжКББжүйесінде оқыту нәтижелерін бағалаудың негізгі компоненттері», «WorldSkills стандарттары бойынша аймақтық чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу процесінің негізгі аспектілері», «ТжКББ ұйымында инклюзивті оқыту процессінің негізгі аспектілер мен шарттары», «CLIL, TBLТәдістері және BOPPPS моделін қолдана отырып ағылшын тілінде оқыту», «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының сапасын басқару», «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі әдіскері мен оқытушысының кәсіби құзыреттілігін жетілдіру» тақырыптарындағы біліктілік арттыру курстарынан 20 оқытушы өтті.

Педагогикалық шеберлік орталығынан ҚР орта білім мазмұнын жаңғырту аясында жалпы білім беру пәндерінен колледж оқытушылары біліктілігін арттырды. ҚР орта білім мазмұнын жаңғырту аясында «География», «Биология» жалпы білім беру пәндерінен колледж оқытушыларының біліктілігін арттырып, ПШО колледж оқытушыларының курстарын ұйымдастыру үшін аймақтық тренер (Г.М.Кушбаева, Г.Б.Қожақметова) дайындады.

Сонымен қатар, 35 арнайы пән оқытушылары тағылымдамадан өтіп, өндірістік тәжірибелерін арттырып қайтты.



2021-2022 оқу жылының басында I-II курстардың оқу жұмыс жоспары, күнтізбелік-тақырыптық жоспар «Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» №130 бұйрық бойынша (6.04.2020ж) жасалынды.

3-4 курстардың оқу жұмыс бағдарламасы, перспективалық-тақырыптық жоспарлары ҚРБЖҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы №553 бұйрығына сәйкес жасақталды.

2021-2022 оқу жылының жоспары бойынша ІІЦК отырыстары, әдістемелік кеңес өткізіліп, әдістемелік құжаттарды, емтихан және міндетті бақылау жұмыстарының материалдарын, курстық жұмыстар мен дипломдық жобалардың тақырыптары мен әдістемелік нұсқаулар, жалпы білім беру пәндері бойынша колледжішілік олимпиаданың жоспарын, материалдарын бекітуге арналған отырыстары өткізіліп, баяндамалар тыңдалды.

Колледжге биылғы оқу жылында келген жас оқытушылар мен өндірістен келген мамандарға «Сабақ барысындағы нормативтік құжаттар», «Сабақтың түрлері мен дидактикалық құрылымы» тақырыбында оқыту семинары, «Практикалық сабақтарды оқыту әдістемесі» тақырыбында іскерлік семинар өтті.

2021-2022 оқу жылы барысында 6 пән апталығы ұйымдастырылып өткізілді

1. 20-30 қыркүйек аралығында тілдер циклының онкүндігі өтті.
2. 25-29 қазан аралығында арнаулы технологиялық пәндер цикл комиссиясы апталығы өтті.
3. 08-12 қараша аралығында физика-математика, есептеу техникасы пәндері цикл комиссиясы апталығы өтті.
4. 15-19 қараша аралығында жалпы техникалық пәндер цикл комиссиясы апталығы өтті.
5. 20-24 желтоқсан аралығында механикалық пәндер цикл комиссиясы апталығы өтті.

6. 17 қараша – 15 желтоқсан аралығында әлеуметтік-гуманитарлық пәндер цикл комиссиясы онкүндігі өтті.

Қазан айында А.Байтұрсынов атындағы республикалық педагогикалық олимпиадаға 10 оқытушы қатысып, 1 оқытушы І орын, 4 оқытушы 2 орын, 3 оқытушы 3 орын алды.

Апталық барысында оқытушылар ашық сабақтары өтті. Сабақ беру әдістемесін үйрету мақсатында тәжірибелі мамандардың сабақтарына жас оқытушыларды қатыстырып, сабақтарына әдістемелік көмек беру мақсатында сабақтарына қатыстық.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы А.К.Нұғмарова Р.Отарбаевтың «Дәстүр мен жаңашылдық» тақырыбында халықаралық конференцияға қатысып, мақаласы жинаққа енді.

Қазан айында ауыл шаруашылық күніне орай арнаулы технологиялық пәндер цикл комиссиясы (төрайымы – М.И.Табылдиева) «Ардагерлерді ардайық» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай «Үздік ғылыми жоба - 2021» республикалық байқауынан 2-өтпелі оқу тобының студенті Қойшыбаев Дамир І дәрежелі дипломмен марапатталды (Жетекшісі – А.К.Нұғмарова).

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай «Еліміздің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты облыстық жас ақындар байқауында колледж студенті Қалеш Қасиет (Жетекшісі – А.К.Нұғмарова) қатысып, жүлделі ІІ орын иеленді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы А.К.Нұғмарова Ы.Алтынсаринге арналған «Қазақтың дара ұстазы» атты облыстық дөңгелек үстел өткізді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы Қ.П.Халелова 18 қарашада «Қазақ тілін оқытудың үздік әдістемесі» атты республикалық байқауға қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.

25 қарашада Өрлеу біліктілікті арттыру институтында «Арнайы пәндерді оқытуда STEM технологиясын тиімді пайдалану» тақырыбындағы аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияға А.Қ.Қанат, А.Ж.Жұмажан қатысып, сертификатқа ие болды.

Арнайы пән оқытушысы А.Қ.Қанат «Үздік педагог-2021» республикалық онлайн байқауына қатысып, кітап жинаққа енгізілді.

Арнайы пән оқытушысы А.Қ.Қанат «Ғылым:Білім:Жастар» тақырыбында ұйымдастырылған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, ІІ дәрежелі диплом және Алғыс хатпен марапатталды.

Арнайы пән оқытушысы А.Қ.Қанат ұлттық инновациялық ғылыми-әдістемелік зерттеу орталығы ұйымдастырған «Үздік ашық сабақ-2021» республикалық онлайн байқауына қатысып, ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

17 ақпанда кәсіптік білім беру ұйымдарының кураторлары арасында облыстық "Креативті куратор" байқауына А.Б.Шымырбаева қатысып, жүлделі ІІІ орын иеленді.

24 ақпанда «Менің әдістемелік шеберханам» ТжКББ ұйымдарындағы өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушыларының шеберлік сыныбының онкүндігі аясында А.Е.Суйесинова «Worldskills чемпионаты- құрылыс саласын сапалы дамытудың негізгі аспектісі», М.М.Хатенова және А.Жұмажан

«Цифрландыру – бүгінгі білім берудегі жаңа бағыт», С.К.Есалиев «Дәнекерлеу практикасын өткізу әдістемесі», А.М.Избулова, М.И.Табылдиева, С.С.Хамиев, Г.С.Тастанова «Ветеринарлық және санитариялық сараптау әдістері» тақырыптарында шеберлік сыныптарын өткізді. Облыстық Білім беру басқармасының Әдістемелік орталығының сертификаттарын алды.

Атырау облысы Білім беру басқармасы Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы «Жас Ұлан-2022» әскери-патриоттық клубтарының арасындағы облыстық слетінде «Соғыс жаңғырығы» бойынша колледж III орынға ие болды.

Арнайы пән оқытушысы А.Е.Сүйесинова ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай «Білім өркениеті» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастырған «Қазақстан Республикасының құрметті азаматы» атты энциклопедияға автобиографиясы қабылданды.

Арнайы пән оқытушысы А.Е.Сүйесиноваға «Talar» КЕАҚ педагогикалық шеберлік орталығының штаттан тыс тренері мәртебесі берілді.

Желтоқсан айында Семей қаласында республикалық «WorldSkills Kazakhstan» байқауына Н.Лұқпанов қатысып (эксперт - А.Е.Сүйесинова) жүлделі III орынға ие болды.

Арнайы пән оқытушысы А.Е.Сүйесинова желтоқсан айында Семей қаласында республикалық «WorldSkills Kazakhstan Conference 2021» конференциясына қатысып, сертификатқа ие болды.

14 наурызда Кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтары арасында облыстық "Креативті teacher" онлайн байқауына А.Ж.Жұмажан қатысып, Ютуб каналға бейнесабак жүктеді.

18 наурызда Атырау бизнес және құқық колледжінде өткізілген ғылыми-тәжірибелік конференцияға М.С.Лапиденова, А.К.Нұғмарова, А.Б.Шымырбаева, А.М.Избулова студент дайындап, студенттері сертификатпен, жетекшілері Алғыс хатпен марапатталды.

Арнайы пән оқытушысы А.Қ.Қанат «Кәсіби өзара іс-қимыл жүйесі және қазіргі заманғы білім беру технологиялары – білім беру сапасына қол жеткізудің негізі» тақырыбындағы білім беру қызметкерлерінің облыстық педагогикалық оқуларына қатысып, III дәрежелі дипломмен марапатталды.

ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай колледж және ЖОО оқытушылары арасында волейболдан облыстық спартакиадада III орын, баскетболдан облыстық спартакиадада III орын иеленді.

ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай колледж студенттері арасында облыстық спартакиадада жалпы командалық III орын иеленді.

26 шілде – 4 тамыз 2021 жыл аралығында арнайы пән оқытушысы А.Е.Сүйесинова «Кадрларды даярлау жүйесін дамытудың халықаралық тәжірибесін ескере отырып, ТЖКБ ұйымдарының педагогтері мен басшыларының кәсіби құзыреттерін жетілдіру» тақырыбында «Жас маман» жобасында біліктілікті арттыру курсынан өтті.

16-27 тамыз 2021 жыл аралығында арнайы пән оқытушысы А.Е.Сүйесинова «Modern Trends in Professional Education and training» тақырыбында Латвия университетінде халықаралық біліктілікті арттыру курсынан өтті.